

Көшелерге атауберу туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Байкенже ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 60 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 ақпанда № 7244 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 10 желтоқсандағы №3 қорытындысына сәйкес, Байкенже ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байкенже ауылдық округі Байкенже ауылының келесі көшелеріне:
 - 1) Байкенже ауылының кіре беріс бөлігінде орналасқан атауы жоқ көшеге "Қожамберді батыр" есімі;
 - 2) Қ.Сіргебайұлы және А.Дүйсенұлы көшелерімен перпендикуляр орналасқан атауы жоқ көшеге "Тұрдан Өміrbайұлы" есімі;
 - 3) Ө.Откелбайұлы көшесінен басталатын және А.Дүйсенұлы көшесімен қиылышатын атауы жоқ көшеге "Өтебай Дүйсенов" есімі;
 - 4) атауы жоқ 5-көшеге "Орал палуан" есімі;
 - 5) атауы жоқ 6-көшеге "Смайыл Жандарбеков" есімі берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Байкенже ауылдық округінің әкімі

Н. Оспанов